

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 2 мамыр
сағ. 15:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Өуетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі А.Ф. Хасенов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (*тізім бойынша*), «Инновациялық технологиялары паркі» АҚҚ Алматы филиалының бас директоры Б.Т. Канкин, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (*тізім бойынша*).

1. «Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциясының батыс және оңтүстік өңіраралық басқармалары» РММ-ның бекітілген Ережеге сәйкес өз функцияларын орындауы туралы

(Қ. Арымбек)

1.1. Көмірсутектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау департаментінің директоры Қ.Б. Арымбектің «Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциясының батыс және оңтүстік өңіраралық басқармалары» РММ-ның бекітілген Ережеге сәйкес өз функцияларын орындауы туралы ақпараты назарға алынсын.

1.2. Көмірсутектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау департаменті:

- Қоғамдық кеңес мүшелерімен (*Т. Байзақов, А. Тегісбаев*), ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің өкілдерімен бірлесіп, колоннааралық қысым және жер қойнауын қорғау мәселелері бойынша кеңес өткізу мәселелерін қарастырсын.

2. 2021-2023 ж.ж. көмірсутегі шикізаты бойынша ҒЗТКЖ шеңберінде «Инновациялық технологиялары паркі» АҚҚ қызметі туралы есебі

(Б. Канкин)

2.1. «Инновациялық технологиялары паркі» АҚК Алматы филиалының бас директоры Б.Т. Канкиннің ҒЗТҚЖ шеңберінде мұнай-газ саласындағы цифрлық технологияларды енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу жөніндегі ақпараты назарға алынсын.

2.2. Қоғамдық кеңес мүшелері «Инновациялық технологиялары паркі» АҚК-ның ҒЗТҚЖ шеңберінде табиғи және ілеспе газды қайта өңдеу және кәдеге жарату саласында озық технологияларды енгізу бойынша жұмыстармен қамтылмағанын атап өтті.

Мұндай жұмыстар ҚР Энергетика министрлігінің тікелей үйлестіруімен Ғылыми-техникалық кеңестер (ҒТК) арқылы және Қазақстанның бейінді жоғары оқу орындарын тарта отырып жүргізілуі тиіс екендігі атап өтілді.

2.3. Цифрландыру департаментіне:

- тұрақты негізде ҒТК отырыстарында осындай жобаларды қаржыландыруды айқындау мақсатында ҒЗТҚЖ шеңберінде жаңа технологияларды енгізу жөнінде басым жобаларды қарастыру ұсынылсын.

3. 2021-2023ж.ж. жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТҚЖ және қазақстандық кадрларды қаржыландыру мен оқыту жөніндегі келісімшарттық міндеттемелерді орындау бойынша есебі

(А. Хасенов)

3.1. Энергетика вице-министрі А. Хасеновтің 2021-2023ж.ж. жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТҚЖ (көмірсутек шикізаты және уран өндіру саласында) және қазақстандық кадрларды оқыту мен қаржыландыру бойынша келісімшарттық міндеттемелерін орындау туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2. Жер қойнауын пайдалану департаментіне:

- жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық кадрларды оқыту жөніндегі келісімшарттық міндеттемелерінің қағидаларына өзгерістер енгізу туралы мәселені талқылау үшін «дөңгелек үстел» ұйымдастыру мәселесін пысықтау ұсынылсын.

4. ҚК мүшелерін «ҚР Энергетика министрлігінің Отын-энергетика кешені жөніндегі қоғамдық кеңесі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Энергетика министрінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 98 бұйрығына толықтыру енгізу туралы» ҚР Энергетика министрінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 172 бұйрығымен таныстыру

(Б. Әуетаев)


4.1. Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаевтың «ҚР Энергетика министрлігінің Отын-энергетика кешені жөніндегі қоғамдық кеңесі туралы

ережені бекіту туралы» ҚР Энергетика министрінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 98 бұйрығына толықтыру енгізу туралы» ҚР Энергетика министрінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 172 бұйрығына қатысты (ҚР МАМ әзірлеген Барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер үшін жүктелген өкілеттіктерді орындау барысында қоғамдық кеңестер мүшелерінің әдептілік мінез-құлқы мәселелері бойынша ұсынымдары негізінде «5-1. Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің әдептілік мінез-құлқы нормалары» атты тараумен толықтырылған) ақпараты назарға алынсын.

4.2. Қоғамдық кеңестің мүшелері:

- ҚР Энергетика министрінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі №172 бұйрығымен бекітілген Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің әдептілік мінез-құлқы нормаларын сақтасын.

Қоғамдық
кеңестің төрағасы



Б. Әуетаев